

А.С. Кошкинбаева¹, Л.Ч. Сыдыкова²

¹Каспий қоғамдық университеті, Алматы, Қазақстан;

²Б.Н. Ельцин атындағы Қырғыз-Ресей Славян университеті, Бішкек, Қырғызстан
(E-mail: aliaaizere1984@gmail.com)

Атмосфералық ауаны ластағаны үшін қылмыстық жауаптылық жөнінде

Мақалада атмосфераны ластау деген ұғымға қылмыстық құқықтық сипаттама берілді. Сондай-ақ аталған қылмыстық норманың құрылысы, салалық заңнаманың ережелері талданды. Сот тәжірибесіне көз жүгіртсек, экологиялық талаптардың бұзылуымен сипатталатын қылмыстық құқықбұзушылықтардың, соның ішінде атмосфераны ластау жөніндегі қылмыстық істердің тіркелуі, ашылу деңгейінің төмендігін байқаймыз. Атмосфераны ластау жөніндегі қылмыстық істі ұқсас нормалардан ажыратуда қиындықтар жиі орын алады. Қылмыстық іс-әрекетке дұрыс қылмыстық баға беру қылмыстық құқықбұзушылық құрамын сипаттайтын белгілерді анықтау арқылы іске асырылатыны белгілі. Авторлар ұқсас қылмыстық нормаларды дұрыс саралауды қамтамасыз ету үшін тиісті нормада нақтыланған экологиялық талаптар түрін негізге алуды ұсынады. Дегенмен де, соңғы кездердегі кодификациялануға негізделген экологиялық заңнамалардың жүйелену процесінде кейбір экологиялық заңдар күшін жойды, нәтижесінде ҚР ЭК-де жекелеген табиғат ресурстарына қатысты экологиялық талаптар толық көлемде қарастырылмай қалғанына көзжеткіземіз, нақты айтсақ, атмосфералық ауаға қатысты. Сондықтан да ҚР ЭК-де қарастырылған экологиялық талаптар мәселесін әлі де жетілдірудің қажеттігін атап өтеді. Сондай-ақ соттардың экологиялық қылмыстық құқықбұзушылықтар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы дұрыс және біркелкі қолдануы мақсатында ҚР Жоғары Сотының кейбір экологиялық қылмыстық құқықбұзушылықтар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы нормативтік қаулысында қылмыстық нормалардағы бұзылған экологиялық талап түрлерінің қай экологиялық заңнамада берілгенін нақтылауды ұсынады.

Кілт сөздер: атмосфераны ластау, экологиялық қылмыстық құқықбұзушылық, қоршаған ортаны қорғау, қоғамға қауіпті зардаптар, экологиялық талаптарды бұзу, шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу, экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу, микробиологиялық немесе басқа да биологиялық агенттермен немесе уытты заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу.

Kіpіcne

Атмосфераның ластануы — әлемдік проблемалардың бірі. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының (БДҰ) мәліметтеріне сүйенсек, ауаның ластануына байланысты жыл сайын шамамен 3,7 миллион адам өледі екен. Атмосфералық ауаның ластануы адамның орташа өмір сүру ұзақтығын орташа алғанда бір жылға азайтады, сондай-ақ адамдардың түрлі ауруларын тудырады.

Бұл мәселе Қазақстан үшін де маңызды. Заңшығарушы сол себепті қоршаған ортаны қорғау мақсатында отандық қылмыстық заңнамада атмосфераны ластау үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілеген. Аталған нормаға талдау жүргізу барысында ғалымдардың «атмосфераны ластау» ұғымын түсінуге қатысты пікірлерінің қарама-қайшы екендігіне көзжеткіземіз. Олардың бірі «атмосфераны ластауды» қылмыстық іс-әрекет түсінсе, енді біреулері қарайды. Кейбір ресейлік ғалымдар мұны заң нормасында заң техникасының лингвистикалық ережелерінің сақталмауынан деп түсіндіреді.

Бұл жағдай саралау процесінде атмосфераны ластау жөніндегі қылмыстық құқықбұзушылықты өзара ұқсас экологиялық қылмыстық құқықбұзушылықтардан ажыратуда қиындықтардың пайда болуына себепші болады.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресте заңнамаларды жетілдіре отырып, қылмыстық іс-әрекеттерді дұрыс саралауға мүмкіндіктер жасаудың маңызы зор. Аталған жағдай тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Зерттеудің мақсаты атмосфераны ластау жөніндегі қылмыстық құқықбұзушылықты дұрыс саралау мүмкіндігін қалыптастыру болып табылады. Аталған мақсатқа жету жолында атмосфераны ластағаны үшін заңды жауаптылықтың негізі қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын ашу міндеті жүктелді.

Әдістер және материалдар

Ғылыми мақаланың әдістемелік негізін материалистік диалектиканың қағидалары құрайды. Жалпы диалектикалық зерттеулермен бірге, зерттеудің салыстырмалы-құқықтық, жүйелі-құрылымдық, формальды-логикалық және басқа да жаңа ғылыми және ішінара ғылыми әдістері жатады.

Нәтижелер

Экологиялық талаптарды бұзумен сипатталатын қылмыстық құқықбұзушылықтарға ҚР ҚК-де бірнеше нормалар арналған: 324, 325, 326, 329, 330, 333. Бұл нормаларды кейбір ресейлік еңбектерде жалпы және арнайы нормалардың бәсекелестігі негізінде ажырату мүмкіндігі беріледі. Бұл пікірді Ю.А. Случевская «Конкуренция норм гл. 26 УК РФ, связанных с загрязнением водных объектов» атты мақаласында теріске шығарған.

Авторлар ұқсас нормаларды ажыратуда өзге бағытты ұстанады.

Зерттеу барысында аталған нормалардың мынадай ерекшеліктері мен ұқсастықтары анықталған:

1) аталған нормалардың барлығының қылмыстық іс-әрекеттері экологиялық талаптарды бұзумен байланысты:

– ҚР ҚК-нің 324, 325, 326-баптарында экологиялық талаптарды бұзу қылмыстық іс-әрекетті құрайды, яғни қылмыстық іс-әрекет жай нысанды;

– ҚР ҚК-нің 329, 330, 333-баптарында қылмыстық іс-әрекет экологиялық талаптардың бұзу салдарынан (ескерту: мұнда экологиялық талап түрлері диспозицияда аталмаған) жекеленген табиғат ресурстарының (атмосфералық ауаның, теңіздің, жер қойнауының) ластануы нысанында жасалынады, яғни қылмыстық іс-әрекет нысаны күрделі;

2) ҚР ҚК-нің 324, 325, 326-баптарының диспозициясында экологиялық талаптар түрлері көрсетілген, ал ҚР ҚК-нің 329, 330, 333-баптарының диспозициясында экологиялық талап түрлері атап көрсетілмейді;

3) ҚР ЭК-нің ерекше бөлімінде бұл экологиялық талаптарға жеке тараулар арналған, тек атмосфераға арнайы тарау арналмаған;

4) аталған нормалардың барлығында дерлік зардаптар ұқсас, яғни зиян қоршаған ортаға (табиғат ресурстарына), адамдардың денсаулығына, не өміріне келеді, не келуі мүмкін болады.

Іс-тәжірибеде қылмыстық факт зардап (формалды нормалардан басқа) бойынша құрықталып жатады. Байқап отырғанымыздай, зардаптары қылмыстық норманың диспозициясында бірыңғай нысанда көрінгендіктен де, іс-тәжірибеде бұл қылмыстық іс-әрекетті дұрыс саралай алу қиын. Сондықтан да саралау процесінде ұқсас нормаларды бұзылған экологиялық талаптардың көмегімен ажыратқан жөн.

Талқылау

Атмосфералық ауа — тіршілік көзі. Адам баласына атмосфераның маңызы ерекше. Ол әлемді таза ауамен қамтамасыз етіп, тіршілікке қажетті газ элементтерін (оттегі, азот, көмірқышқыл газы, аргон т.б.) жеткізеді және Жерді зиянды сәулелерден қорғайды, зат және энергия алмасуларын, ауа райының қызметін ретке келтіріп, жалпы жер шарындағы тұрақтылықты үйлестіреді. Бірақ та соңғы жылдары атмосфераның сапасы сын көтерер емес күйде. Ең бастысы — ауаның ластануы. Өнеркәсіп, автокөліктер, зауыт, жылу энергетикасы, соғыс қаруларын сынау, космос кемелері мен ұшақтар т.б. ластанудың негізгі көздері болып табылады [1].

ҚР ҚК-нің 329-бабында атмосфераны ластағаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделген.

Атмосфераны ластанудың қоғамдық қауіптілігі сол, ол елдің экологиялық қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп, ластайды және де ауаның табиғи қасиеттерін басқа да өзгерістерге ұшыратады немесе адамның өмірі мен денсаулығына зиян тудырады, жаппай ауруға шалдығуына, аурудың көптеген түрлерінің өсуіне алып келе алады. Енді аталған норманы ұқсас нормалардан дұрыс ажырату негізі қылмыстық құқықбұзушылық құрамы болғандықтан да, оның жекеленген элементтеріне тоқталсақ.

Атмосфераны ластаудың *объектісі* — ауаға ластаушы заттарды тастау ережелерімен және тиісті қондырғыларды, құрылыстар мен өзге де объектілерді пайдалану ережелерімен реттелінетін, қоршаған ортаны қорғау және тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін экологиялық қауіпсіздік. Бұл қылмыстың *қосымша объектісі* адамның өмірі мен денсаулығы болып табылады.

Қылмыстың *заты* — атмосфералық ауа. Атмосфералық ауа дегеніміз қоршаған ортаның атмосфера газдарының табиғи қоспасы болып табылатын компоненті танылады.

Қылмыстың *объективті жағын* қоршаған ортаға ірі залал келтіретін немесе адамның денсаулығына зиян келтіретін экологиялық талаптарды бұзу салдарынан атмосфералық ауаны ластау немесе оның табиғи қасиеттерін өзге де өзгерту түріндегі іс-әрекеттер құрайды.

ҚР ҚК-нің 329-бабының диспозициясында қылмыстық іс-әрекетке мыналар жатады [2]:

– экологиялық талаптарды бұзу салдарынан атмосфералық ауаны ластау;

– экологиялық талаптарды бұзу салдарынан атмосфералық ауаның табиғи қасиеттерін өзге де өзгерту.

Мұндағы экологиялық талаптар ұғымы қылмыстық заңнамада нақтыланбайды. ҚР ҚК-нің 324, 325, 326, 330, 333-баптарында да «экологиялық талаптарды бұзу» ұғымы кездеседі. Алайда бұл ұғымды түсіну үшін ҚР ЭК-не жүгінеміз. Онда атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талап басқа табиғат ресурстары (мысалы, жануарлар дүниесін (ҚР ЭК-нің 35-т.), суды (ҚР ҚК-нің 33-т.), жерді (ҚР ЭК-нің 31-т.), жер қойнауын пайдалану кезінде экологиялық талаптар (ҚР ЭК-нің 32-т.) және т.б.) сынды жеке норманы қарастырмайды. ҚР ЭК-нің 114-б. атмосфералық ауаны қорғауға қатысты мынадай талап түрлерін кездестіре аламыз:

– атмосфералық ауаны қорғаудың, оның ішінде көлік және басқа да жылжымалы құралдарды пайдалануға шығару және пайдалану кезінде техникалық регламенттердің, нормативтердің, ережелер мен өзге де талаптар;

– қалдықтарды жинап қою мен жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптар [3].

Ескі Қылмыстық кодекстің (1997 ж.) 282-б. ауаға ластаушы заттарды шығару ережелері және тиісті қондырғыларды, ғимараттарды мен өзге де объектілерді пайдалану ережелерін бұзу салдарынан атмосфералық ауаны ластау немесе оның табиғи қасиеттерін өзге де өзгерту қылмыстық іс-әрекетті құраған [4]. Бұл ережелер қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқа да нормативтік-құқықтық актілермен және нормативтік-техникалық құжаттармен реттеледі. Ескере кететін жай, қылмыстың объективті жағы сипатталатын ҚР ҚК-нің 329-б. диспозициясының (ҚР ҚК-нің 330, 333-б. да кездеседі) құрылымдық ерекшелігі іс-тәжірибеде аталған норманы қолдану барысында елеулі қиындықтар тудырады. Диспозициядағы «экологиялық талаптарды бұзу салдарынан атмосфералық ауаны ластау немесе оның табиғи қасиеттерін өзге де өзгерту» фразасы қылмыстық іс-әрекет пе, әлде зардап па деген сұрақ орынды туындайды. Норманы бағалай отырып, экологиялық талаптарды бұзу да, ауаны ластау немесе оның табиғи қасиеттерін өзге де өзгерту де қылмыстық іс-әрекетті құрайды деген тұжырымға келеміз. Атмосфералық ластаудың нәтижесі қылмыстық нормада «қоршаған ортаға ірі залал келтіруге әкеп соғу немесе адамның денсаулығына зиян келтіру» түрінде бейнеледі.

Атмосфералық ауаның ластану деп, әдетте, атмосфералық ауаға залалды заттарды шығару немесе онда залалды заттардың қалыптасуын айтамыз. Бұл ұғым ҚР Экологиялық кодексімен нақтыланған (ҚР ЭК-нің 1-б.) қоршаған ортаны ластау ұғымымен де түсіндіріледі. Яғни, қоршаған ортаны ластау дегеніміз — қоршаған ортаға ластаушы заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ шудың, тербелістердің, магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің қоршаған ортаға әсері болып табылады.

И.Ш. Борчашвили атмосфералық ауаны ластау деп табиғи ортаға жат, оларға тән емес жаңаша бір физикалық, химиялық, биологиялық және басқа да агенттерді шығару немесе қалыптастыруды қарайды [5; 722]. Атмосфераны ластау деп нәтижесінде атмосфералық ауаны табиғи қасиеті нашарлап өзгеретіндей, атмосфералық ауаға шекті рұқсат етілген концентрациядан жоғары мөлшерде зиянды заттарды шығару немесе басқа да әдістермен олардың түсуін айтамыз. Мұндағы шекті рұқсат етілген концентрация (ШРК) — бұл бекітілген санитарлық-гигиеналық мөлшерлеме. ШРК зиянды заттардың санына қарай есептелінеді, ол тұрақты түрде немесе белгілі бір уақыт аралығында қатынасқа түскенде ауру тудырмайтын және денсаулыққа зақым келтірмейтін шектеулі концентрация болып табылады.

Киотта хаттамасы ауаны ластауға шектеу қояды. Бұл Хаттамасына мүше-елдерде ауаға зиянды қалдық шығаруға квота беріледі [6; 63].

ҚР ЭК-нің 29-б. 6-т. сай, шығарылған газдардағы атмосфералық ауаны ластайтын негізгі заттардың шекті концентрациялары Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында айқындалады. Мысалы, «Шаруашылық және өзге де қызмет бойынша экологиялық

нормативтер мен экологиялық талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қазандағы № 57 бұйрығы [7].

Ауаның ластану мен табиғи қасиеттерінің өзгедей өзгеруіне Ж.С. Елубаев мыналарды жатқызған: жазатайым оқиғалар кезінде немесе штаттан тыс өндірістік жағдайда атмосфераға ластаушы заттардың нақты шығарылуы; атмосфераға ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген шығарындыларының (бұдан әрі – ШРК) нормативтерінен асып кетуі; атмосфераға шығарындыларды тазалауға және бақылауға арналған қолданыстағы қондырғыларды, жабдықтарды және жабдықтарды қолданбау және т.б. [8; 102].

И.Ш. Борчашвили жоғарыда аталған ауаның ластану мен табиғи қасиеттерінің өзгедей өзгеруіне ықпал ететін жағдайлардың қатарын келесілермен толықтырған:

– атмосфераға ластаушы заттарды шығару;

– атмосфералық ауаны қорғауға байланысты талаптарды қанағаттандырмайтын жаңа және реконструкцияланған кәсіпорындарды, құрылыстарды немесе өзге де объектілерді пайдалануға беру.

Осы аталған ауаның ластану мен табиғи қасиеттерінің өзгедей өзгеруіне ықпал ететін жағдайларға ҚР ЭК-нің 114-б. қарастырылған мына жағдайларды қосқан жөн болады:

– атмосфералық ауаны қорғаудың, оның ішінде көлік және басқа да жылжымалы құралдарды пайдалануға шығару және пайдалану кезінде техникалық регламенттер, нормативтер, ережелер мен өзге де талаптар;

– қалдықтарды жинап қою мен жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптар.

Зардап. ҚР ҚК-нің 329-б. 1-т. қарастырылған қылмыстың зардабы қоршаған ортаға ірі залалдың немесе адамның денсаулығына зиянның келуі болып табылады. Мұндағы ірі залал деп қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі танылады [2]. ҚР ҚК адамның денсаулығына зиян жеңіл, орташа және ауыр дәрежеде келеді.

Бұл нормадағы «атмосфераны ластау» мен «қоршаған ортаға залал келтіру» ұғымы өз алдына терминологиялық әрі қылмыстық құқықтық мәселе. Аталған ұғымның бірі — қылмыстық іс-әрекет, екіншісі зардап түрінде көрінеді. Десек те, жоғарыда айтылғандай, қоршаған ортаға зиянның келуі табиғат ресурстарының жекеленген элементтеріне ықпал етумен, яғни ауаның, жер, судың ластануы және т.б. сипатталады. Аталған жағдай қылмыстық сот өндірісінде қылмыстық нормаларды дұрыс саралауда қиындықтар тудырады. Ю.А. Тимошенко терминдердің бірыңғай түсінуіне қолжеткізетін қылмыстық-құқықтық тиымдардың қарама-қайшылықтары туралы заң техникасының лингвистикалық ережелерін сақтамау ұқсас нормаларды ажыратуда проблемалар тудыратындықтан, да аталған қылмыстық норманың құрылымын жетілдіру қажет деп есептеген [9; 105].

Қылмыстың құрамы — материалдық. Яғни қылмыстың аяқталуы үшін зардаптың туындауы міндетті болып табылады. Атмосфераны ластаудың *субъективті жағы* жөнінде де пікірлер бірыңғай емес. А.Н. Ағыбаев ҚР ҚК-не берген түсіндірмеде аталған норманың субъективті жағы қасақаналықпен де, абайсыздықпен де істеледі [10; 567].

И.Ш. Борчашвили болса, атмосфералық ластаудың субъективті жағын жанама қасақаналық нысандағы кінә құрайды деп есептейді. Тұлға мұнда атмосфералық ауаны ластау немесе ауаның табиғи қасиетінің өзге де өзгеруі түріндегі экологиялық талаптарды бұзғанын сезінеді, адамдардың денсаулығына кері әсер ететіндігін немесе атмосфералық ауаның күйіне кері зардабының туындау мүмкіндігін алдын ала біле алады және зардаптың туындауына саналы түрде жол береді немесе оған немқұрайлық танытады.

Қарастырылып отырған норманың диспозициясында қылмыстық іс-әрекеттің абайсызда жасалуы арнайы көрсетілмегендіктен де, ҚР ҚК-нің 19-б. сәйкес, атмосфераны ластау тек қасақаналықпен жасалынған ретте қылмыс танылатынын білеміз. Дегенмен де іс-тәжірибеде атмосфералық ауаның ластануы деңгейінің артып келетіндігін ескеріп, кейбір ғалымдар осы іс-әрекет үшін қылмыстық жауаптылықты күшейтуді, абайсыздық нысанында да жауаптылықты көздеуді ұсынады.

Қылмыс субъектісі. З.О. Ашитов оқулығында атмосфераны ластаудың субъектісі арнайы субъект, яғни қондырғыларды, ғимараттарды мен өзге де пайдалануды іске асыратын, сондай-ақ атмосфераға ластаушы заттарды шығару ережесін сақтауға жауапты тұлға деп көрсеткен [11; 403].

Ауаны ластаудың субъектілерінің қатарын кәсіпорын басшылары, олардың орынбасарлары, бас инженерлер, бас технологтар және басқа да бас мамандар, цех, ауысым басшылары, технологиялық үдерістің дұрыс жүргізілуі және қоршаған ортаны қорғау туралы заңды сақтау үшін, яғни

атмосфералық ауаға қалдық тастаудың нормативінің сақталуына және құрылғылардың дұрыс тазартылуы, өндіріс қалдықтарын тазарту үшін тікелей жауап беретін шеберлер және басқа да адамдар танылады. Сонымен қатар тазартушы құрылғылары жоқ немесе пайдасыз тазартушы құрылғылары бар объектіні, агрегатты, цехты, кәсіпорынды эксплуатацияға қабылдаған адамдар қылмыс субъектісі бола алады.

Қылмыстық іс-әрекет қасақанылық нысанда жасалған деп қарастыру үшін қылмыс субъектісінің экологиялық талаптармен таныс және де оларды сақтау жауаптылығы жүктелген тұлғаның болатындығы түсінікті.

ҚР ҚК-нің 329-б. 2-т., қоршаған ортаға аса ірі залал келтіруге не адам өліміне не адамдардың жаппай сырқаттануына әкеп соққан экологиялық талаптарды бұзу салдарынан атмосфералық ауаны ластау немесе оның табиғи қасиеттерін өзге де өзгерту қылмыстық іс-әрекеті үшін жауаптылық бар. Мұндағы қоршаған ортаға келген аса ірі залал деп қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі танылады.

Іс-тәжірбие материалдырына сүйенсек, әдетте, атмосфералық ауаны ластау кәсіпорын, өндіріс ұйымдарының жауапты тұлғаларымен жасалынады. Бұл қылмыстық іс-әрекетті жасау барысында қылмыс субъектілерінің, мысалы, атмосфераға шекті рұқсат етілген концентрациясынан жоғары зиянды заттарды атмосфераға шығарғанда, не атмосфералық ауаны қорғауға байланысты талаптарды қанағаттандырмайтын жаңа және реконструкцияланған кәсіпорындарды, құрылыстарды немесе өзге де объектілерді пайдалануға бергенде өз кәсіпорындарының, өндірістік орындарының пайдасына артық шығын шығармауды көздеп, аталған қылмыстық іс-әрекеттерге баратынын жиі кездестіреміз. Атмосфералық ауаны ластау іс-әрекетінің қайсысы болмасын пайдакүнемдік сипат алатындығын терістеу қиын. Сондықтан да аталған нормамен қарастырылған қылмыстың ауырлататын мән-жайы ретінде пайдакүнемдік, не бұзақылық ниетпен жасауын қарауға негіз жоқ сияқты.

2013–2017 жж. статистикалық деректерге көз жүгіртсек, атмосфералық ауаны ластау жөніндегі қылмыстық істердің ашылу деңгейі төмен екендігін байқаймыз. Қылмыстық істердің ашылмауының ұйымдастырушылық себептерімен қатар құқықтық та себептері бар.

ҚР ҚК-нің 324-б. (Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу), 325-б. (Экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу), 326-б. (Микробиологиялық немесе басқа да биологиялық агенттермен немесе уытты заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу) қарастырылған қылмыстық құқықбұзушылықтар да экологиялық талаптарды бұзу арқылы жасалынады. Бұл нормаларда белгіленген қызмет түрлерін жасау кезінде экологиялық талаптардың бұзылуы қоршаған ортаға, адамның денсаулығына зиян алып келеді. Сол сияқты, ҚР ҚК-нің арнайы нормаларында, мысалы, суларды ластау, теңіз ортасын ластау, жерді бүлдіру, жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу, атмосфераны ластауда экологиялық талаптар, қағидалар бұзылып, нақты қылмыстық іс-әрекеттерден қоршаған ортаға, адамдардың денсаулығы мен өміріне зиян туады. Бұл арнайы нормаларды ҚР ҚК-нің 324, 325, 326-баптарынан зардабы бойынша ажырата алмаймыз. Себебі табиғат ресурсының біріне зиян келсе, ол екіншісіне де әсер етеді. Зиянның алғашқыда нақты қай табиғат ресурсына келгенін анықтау қиын, оның үстіне, мамандардың айтуынша, табиғаттың ластануы уақыт өте анықталып жатады. Іс-тәжірибеде арнайы нормамен қаралған атмосфераны, жерді, не суларды ластау фактілерінің қай жағдайда іс-әрекет, ал қай кезде зардап болатынын анықтау қиындықтар тудырады. Ұқсас нормаларды бұзылатын экологиялық талап түрлерімен де ажыратқан жөн.

Атмосфераның ластану көздерін жалпы негізге ала отырып, бұзылатын экологиялық талаптарды жіктеп көрсек. Соңғы кезде қоршаған ортаны ластаушы көздерді төмендегідей топтау жиі орын алып отыр: физикалық ластану, химиялық ластану, биологиялық ластану, механикалық ластану [12].

Аталып кеткен ластану көздерінің тобы бойынша *химиялық* ластану — ҚР ҚК-нің 325-б., *биологиялық* ластану — ҚР ҚК-нің 326-б., ал *физикалық* ластанудың көзі радиациялық заттармен байланысты нормалар ҚК-тің 10-тарауында (қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар) орналасқан ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу (282-б.); радиоактивті заттармен, радиоактивті қалдықтармен, ядролық материалдармен заңсыз жұмыс істеу (283-б.); радиоактивті заттармен, радиоактивті қалдықтармен, ядролық материалдармен жұмыс істеу қағидаларын бұзу (285-б.) нормалармен қарастырылған.

Сондай-ақ ҚР ҚК-нің 325, 326-бб. қарастырылған қоршаған ортаны ластаудан бөлек, жекеленген табиғат ресурстарының (жер, жер қойнауы, су, теңіз ортасы, атмосфералық ауа және т.б.) қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде, не микробиологиялық немесе басқа да биологиялық агенттермен немесе уытты заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу салдарынан да ластануы мүмкін жай. Бұл жағдай да қылмыстық құқықбұзушылықтарды саралауда қиындықтар тудыраы анық.

Атмосфералық ауаны ластауға қатысты экологиялық талаптарға мыналар жатады:

– атмосфераға ластаушы заттарды шығару;

– атмосфералық ауаны қорғауға байланысты талаптарды қанағаттандырмайтын жаңа және реконструкцияланған кәсіпорындарды, құрылыстарды немесе өзге де объектілерді пайдалануға беру (ҚР ЭК-нің 202-б.);

– атмосфералық ауаны қорғаудың, оның ішінде көлік және басқа да жылжымалы құралдарды пайдалануға шығару және пайдалану кезінде техникалық регламенттер, нормативтер, ережелер мен өзге де талаптар (ҚР ЭК-нің 203, 204-бб.);

– қалдықтарды жинап қою мен жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптар (ҚР ЭК-нің 42-т.).

Ал ҚР ҚК-нің 324-б. (Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу) қарастырылған қылмыстық іс-әрекеттерге келсек, олар:

– табиғи ресурстарды пайдалануға қойылатын экологиялық талаптарды (ҚР ЭК-нің 207-б. қарастырылған) бұзу;

– кәсіпорындарды, құрылыстарды немесе өзге де объектілерді жобалауға қойылатын экологиялық талаптарды (ҚР ЭК-нің 202-б. қарастырылған) бұзу;

– кәсіпорындарды, құрылыстарды немесе өзге де объектілерді орналастыруға қойылатын экологиялық талаптарды (ҚР ЭК-нің 201-б. қарастырылған) бұзу;

– кәсіпорындарды, құрылыстарды немесе өзге де объектілерді салуға қойылатын экологиялық талаптарды (ҚР ЭК-нің 202-б. қарастырылған) бұзу;

– кәсіпорындарды, құрылыстарды немесе өзге де объектілерді реконструкциялауға қойылатын экологиялық талаптарды (ҚР ЭК-нің 202-б. қарастырылған) бұзу;

– кәсіпорындарды, құрылыстарды немесе өзге де объектілерді пайдалануға беруге қойылатын экологиялық талаптар (ҚР ЭК-нің 202-б. қарастырылған);

– кәсіпорындарды, құрылыстарды немесе өзге де объектілерді пайдалануға қойылатын экологиялық талаптарды (ҚР ҚК-нің 202-б. қарастырылған) бұзу;

– өнеркәсіп, энергетика, көлік немесе байланыс объектілерін пайдалануға қойылатын экологиялық талаптарды (ҚР ЭК-нің 203-б. қарастырылған) бұзу;

– ауылшаруашылық мақсатындағы және мелиорация нысадарын пайдалануға қойылатын экологиялық талаптар (ҚР ЭК-нің 203-б. қарастырылған);

– қалаларды не басқа да елді мекендерді салу кезінде қойылатын экологиялық талаптарды (ҚР ЭК-нің 200-б. қарастырылған) бұзу;

– әскери немесе қорғаныс объектілеріне қойылатын экологиялық талаптарды (ҚР ЭК-нің 206-б. қарастырылған) бұзу;

– әскери немесе ғарыш қызметіне қойылатын экологиялық талаптарды (ҚР ЭК-нің 206-б. қарастырылған) бұзу.

Екі нормада қарастырылатын экологиялық талаптарды бұзу іс-әрекеттерін салыстыра отырып, «кәсіпорындарды, құрылыстарды немесе өзге де объектілерді салуға қойылатын экологиялық талаптарды (ҚР ЭК-нің 202-б. қарастырылған) бұзу» мен «өнеркәсіп, энергетика, көлік немесе байланыс объектілерін пайдалануға қойылатын экологиялық талаптарды (ҚР ЭК-нің 203-б. қарастырылған) бұзудың» екеуінде кездестіретіндігіне көзжеткіземіз. Осы орайда ҚР ҚК-нің 329-б. қарастырылған қылмыс түрінде экологиялық талаптарды бұзумен сипатталатын атмосфераны ластау (бұл ҚР ҚК-нің 328, 330, 332, 333-бб. да қатысты) қылмыстық іс-әрекеті басқа экологиялық қылмыстық нормаларда (ҚР ҚК-нің 324, 325, 326-бб.) көзделген экологиялық талаптарды қайталамағаны орынды болар еді. Мысалы, суларға, теңіз ортасына қатысты экологиялық талаптарды бұзғаны үшін ҚР ҚК-нің 328 не 330-бб.; ал атмосфералық ауаға қатысты экологиялық талаптарды бұзғаны үшін ҚР ҚК-нің 329-б.; жерге не жер қойнауына қатысты экологиялық талаптарды бұзғаны үшін ҚР ҚК-нің 332, 333-бб. жауаптылық көздегенде.

Қорытынды

Қылмыстық заңнамада кейбір нормалар экологиялық талаптарды бұзумен сипатталынатын қылмыстық құқықбұзушылықтар бар. Бұл қылмыстық құқықбұзушылықтарды дұрыс саралау үшін тиісті қылмыстық нормадағы бұзылған экологиялық талап түрін, яғни қылмыстық зардаптың аталған экологиялық талап түрін, сақтамау салдарынан туындауын анықтап алу қажет.

ҚР ЭК-нің Ерекше бөлімі қоршаған ортаның жекеленген компоненттеріне арнайы дара экологиялық талаптарды жеке тарауларда қарастырады. Тек атмосфералық ауаға арналған экологиялық талаптар дараланбаған. Сондықтан да өзара ұқсас экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау процесін тиімділеу мақсатында қылмыстық және экологиялық заңнамалардың сәйкестігін, байланысын сақтай отырып, соңғы кезде кодификацияланған ҚР ЭК-н әлі де жетілдірген орынды болар еді деп есептейміз.

Экологиялық талаптарды бұзумен сипатталынатын қылмыстық құқықбұзушылықтарды саралау процесін жетілдіру жолында қылмыстық нормада, не ҚР Жоғары Сотының Қаулысында әр қылмыстық нормаға қатысты экологиялық талаптар қарастырылған, экологиялық заңнамалардың атын, бабын нақтылап көрсеткен орынды еді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Атмосфералық ауаның ластануы. Атмосфераға жасалған антропогендік ықпал. Озон қабатының бұзылуы. Жылыжай эффектісі [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік режимі: <https://studopedia.org/13-25781.html>
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылы 3 шілде № 226-V [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1686>
- 3 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 2009 ж. 9 қаңтардағы № 212-III (2018 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен) [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://online.zakon.kz>.
- 4 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 1997 жылғы 16 шілде № 167-I (2014.10.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://online.zakon.kz>.
- 5 Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / И.Ш. Борчашвили. Особенная часть — Т. 2. — Алматы: Жеті жарғы, 2015. — 1120 с.
- 6 Хасанова А.И. Дәрістер жинағы. Әлеуметтік экология және тұрақты даму / А.И. Хасанова. — Костанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2011. — 112 б.
- 7 Шаруашылық және өзге де қызмет бойынша экологиялық нормативтер мен экологиялық талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қазандағы № 57 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 16 қазанда № 9805 тіркелді [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400009805>.
- 8 Елюбаев Ж.С. Комментарии к статьям 277, 278, 282 и 222 Уголовного кодекса Республики Казахстан и к статье 243 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях (в редакция норм, по состоянию на 17 марта 2008 года) // Недропользование и право в Республике Казахстан: науч.-практ. пос. / Ж.С. Елюбаев. — Алматы: Юрист, 2009. — С. 99–107.
- 9 Тимошенко Ю.А. Уголовно-наказуемое загрязнение вод: деяние или последствие? / Ю.А. Тимошенко // Российский журнал правовых исследований. — 2015. — № 4 (5). — С. 101–106.
- 10 Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме: Жалпы және Ерекше бөлімдер / А.Н. Ағыбаев. — Алматы: Жеті жарғы, 2015. — 768 с.
- 11 Ашитов З.О. Уголовное право Республики Казахстан: учеб. пос. / З.О. Ашитов. — Алматы: Жеті жарғы, 2013. — 592 с.
- 12 Қатты әсер ететін уландырғыш заттар және олардың сипаттамасы [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://bigox.kz/katty-aser-etetin-ulandyrgysh-zattar-zhane-olardyn-sipattamasy>.

А.С. Кошкинбаева, Л.Ч. Сыдыкова

Об уголовной ответственности за загрязнение атмосферы

В статье дана уголовно-правовая характеристика загрязнения атмосферы. Также проанализированы структура указанной уголовно-правовой нормы, положения отраслевого законодательства. В ходе изучения судебной практики наблюдается низкий уровень раскрываемости уголовных правонарушений, характеризующихся нарушением экологических требований, в том числе по загрязнению атмосферы. Часто возникают трудности в разграничении уголовного дела по загрязнению атмосферы от подобных норм. Как известно, правильная уголовная оценка преступной деятельности осуществляется путем установления признаков состава уголовного правонарушения. Для обеспечения правильной дифференциации идентичных норм авторы предлагают исходить

из вида экологических требований, уточненных в соответствующей уголовной норме. Тем не менее, в процессе систематизации экологического законодательства, основанного на кодификации, в последнее время отменены некоторые экологические законы, в результате чего в Экологическом кодексе РК не полностью раскрыты экологические требования в отношении отдельных природных ресурсов, в частности, атмосферного воздуха. Поэтому авторы отмечают необходимость совершенствования вопросов экологических требований, предусмотренных в Экологическом кодексе РК. Для обеспечения правильного применения закона при рассмотрении дел об экологических уголовных правонарушениях авторами предложено в нормативном Постановлении Верховного Суда РК конкретизировать, какие экологические требования и (или) правила должны были соблюдаться при осуществлении хозяйственной и иной деятельности, производстве, хранении и использовании экологически опасных веществ, совершении иных действий (водный, охотничий промысел, порубка деревьев и кустарников и др.), а также какими нормативными правовыми актами эти требования и правила установлены, т.е. указать наименование нормативного акта и номер статьи.

Ключевые слова: загрязнение атмосферы, экологические уголовные правонарушения, нарушение правил охраны окружающей среды, общественно опасные последствия, нарушение экологических требований, нарушение экологических требований к хозяйственной или иной деятельности, нарушение экологических требований при обращении с экологически потенциально опасными химическими или биологическими веществами, нарушение экологических требований при обращении с микробиологическими или другими биологическими агентами или токсинами.

A.S. Koshkinbaeva, L.Ch. Sydykova

About criminal liability for atmospheric pollution

In the article the author gives a criminal-legal characteristic of air pollution. Also analyzes the structure of specified criminal provisions, the provisions of sectoral legislation. During the study of judicial practice there is a low level of detection of criminal offenses characterized by violation of environmental requirements, including air pollution. Often there are difficulties in distinguishing the criminal case on the pollution of the atmosphere from such norms. It is known that the correct criminal assessment of criminal activity is carried out by establishment of signs of structure of a criminal offense. To ensure the correct differentiation of identical norms, the author proposes to proceed from the type of environmental requirements specified in the relevant criminal norm. However, in the process of systematization of environmental legislation based on codification in recent years, some environmental laws have been abolished, as a result of which the EC of Kazakhstan has not fully disclosed environmental requirements for certain natural resources, in particular atmospheric air. Therefore, the author notes the need to improve the issue of environmental requirements provided in the EC RK. To ensure the correct application of the law in cases of environmental criminal offenses, the author proposes in the regulatory resolution of the Supreme Court of Kazakhstan to specify what environmental requirements and (or) rules should have been observed in the implementation of economic and other activities, production, storage and use of environmentally hazardous substances, the Commission of other actions (water, hunting, felling of trees and shrubs, etc.), as well as what regulatory legal acts these requirements and rules are established, i.e. specify the name of the regulatory act and the article number.

Keywords: atmospheric pollution, environmental criminal offenses, violation of environmental protection rules, socially dangerous consequences, violation of environmental requirements, violation of environmental requirements for economic or other activities, violation of environmental requirements when handling environmentally potentially hazardous chemical or biological substances, violation of environmental requirements when handling microbiological or other biological agents or toxins.

References

- 1 Atmosferalyk auanyн lastanuy. Atmosferaha zhasalhan antropohendik ykpal. Ozon kabatynyn buzyluy. Zhylyzhai effektisi [Air pollution. Anthropogenic effects on the atmosphere. Exhaustion of an ozone layer. Effects of the greenhouse]. (n.d.). *base.garant.ru*. Retrieved from <http://studopedia.org/13-25781.html> [in Kazakh].
- 2 Kazakstan Respublikasynyn Kylmystyk kodeksi. 2014 zhyly 3 shilde No. 226-V [The Criminal Code of Kazakhstan, of July 3, 2014, No. 226 V]. (n.d.). *base.garant.ru*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1686> [in Kazakh].
- 3 Kazakstan Respublikasynyn Ekolohiialyk kodeksi. 2009 zh. 9 kantardahy No. 212-III [The ecological Code of Kazakhstan]. (n.d.). *base.garant.ru*. Retrieved from <http://online.zakon.kz> [in Kazakh].
- 4 Kazakstan Respublikasynyn Kylmystyk kodeksi. 1997 zhyly 16 shilde N 167-1 [The Criminal Code of Kazakhstan, of July 16, 1997, No. 167-I]. (n.d.). *base.garant.ru*. Retrieved from <http://online.zakon.kz> [in Kazakh].
- 5 Borchashvili, I.Sh. (2015). Kommentarii k Uholovnomu kodeksu Respubliki Kazakhstan. Osobennaia chast [Comment on the Criminal Code of Kazakhstan. Special part]. (Vol. 2). Alma-Ata: Zheti Zharhy [in Kazakh].
- 6 Khasanova, A.I. (2011). *Darister zhinahy. Aleumettik ekolohiia zhane turakty damu [Collection of lectures. Social ecology and stable development]*. Kstanay: A.Baitursynov atyndahy KМУ [in Kazakh].

7 Sharuashylyk zhane ozhe de kyzmet boynsha ekolohiialyk normativter men ekolohiialyk talaptardy bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Enerketika ministrinin 2014 zhyly 13 kazandahy No. 57 buiryhy. Kazakstan Respublikasynyn Adilet ministrlihinde 2014 zhyly 16 kazanda No. 9805 tirkeldi [About the approvals of environmental standards and ecological requirements for economic and other activities. The order of the Minister of energy of the Republic of Kazakhstan, of October 13, 2014, No. 57. No. 9805]. (n.d.). *base.garant.ru*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400009805> [in Kazakh].

8 Elyubayev, Zh.S. (2009). Kommentarii k statiam 277, 278, 282, 222 Uholovnoho kodeksa Respubliki Kazakhstan i k state 243 Kodeksa Respubliki Kazakhstan ob administrativnykh pravonarusheniiakh (v redaktsiia norm, po sostoiianiiu na 17 marta 2008 hoda) [Comments on Articles 277, 278, 282 and 222 of the Criminal Code of Kazakhstan and on Article 243 of the Code of the Republic of Kazakhstan about administrative offenses (in edition of norms, as of March 17, 2008)]. *Nedropolzovanie i pravo v Respublike Kazakhstan – Subsoil use and law in the Republic of Kazakhstan*. Almaty: Iurist [in Russian].

9 Timoshenko, Iu.A. (2015). Uholovno-nakazuemoe zahriaznenie vod: deianie ili posledstvie? [Criminally-punishable contamination of waters: act or consequence?]. *Rossiiskii zhurnal pravovykh issledovaniy – Russian magazine of legal researches*, 4(5), 101–106 [in Russian].

10 Agybayev, A.N. (2015). Kazakstan Respublikasynyn Kylmystyk kodeksine tusindirme: zhalpy zhane erekshe bolimder [Comment on the Criminal Code of Kazakhstan: General and special part]. Almaty: Zhety zharhy [in Kazakh].

11 Ashitov, Z.O. (2013). *Uholovnoe pravo Respubliki Kazakhstan [Criminal law of the Republic of Kazakhstan]*. Almaty: Zhety zharhy [in Kazakh].

12 Katty aser etetin ulandyrysh zattar zhane olardyn sipattamasy [Strong toxic agents their characteristic]. *bigox.kz*. Retrieved from <http://bigox.kz/katty-aser-etetin-ulandyrgysh-zattar-zhane-olardyn-sipattamasy> [in Kazakh].